



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

8. Ермакова Н.В. Организация аудиторной и самостоятельной работы обучающихся при изучении дисциплин химического цикла / Учебно – методическое пособие для обучающихся по направлению подготовки 35.03.06 – Агроинженерия. Орел, 2017.
9. Коношина С.Н. Особенности организации учебного процесса для обучающихся первых курсов высших учебных заведений // В сборнике. Научные исследования – сельскохозяйственному производству. Материалы Международной научно-практической конференции. 2018. С. 496-500.
10. Алехина Е.А. Особенности организации дистанционного обучения органической химии в педагогическом вузе в условиях пандемии коронавирусной инфекции // Открытое образование. 2020. №5. [Электронный ресурс]. URL: <http://clck.ru/WAKEn> (дата обращения: 21.06.2021).
11. Жылысбаева Г.Н., Нұрділлаева Р.Н., Жылысбаева А.Н. Бейорганикалық химияның теориялық негіздері. Электрондық оқулық. Авторлық құқық объектісінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік №679, 15.04.2015.
12. Жылысбаева Г.Н. Мектепте химиялық эксперимент жүргізу әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2016.-152б. ISBN 978-601-243-819-2

ӘОЖ 375.42

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ибраева Гульсара Турсуновна,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Байбатырова Айзада Турлыгуловна,
математика пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Қостанай ауданы білім бөлімінің
Н.Наушабаев атындағы мектеп- гимназиясы» КММ
Қостанай ауданы, Тобыл қ.

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Заман талабына сай қазіргі білім берудің негізгі мақсаты, білім алып, білік пен дағдыны, іскерлікке ақпаратты өзі іздеп табу, ұтымды пайдалану. Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне - Нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру - қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу.

Түйін сөздер: кәсіби даму, инновациялық технология, оқыту мен тәрбиелеу.

Аннотация

Актуальность и цель. Основной целью современного образования является приобретение знаний, умений и навыков, умение самостоятельно находить информацию, рационально ее использовать. Особую роль в повышении мастерства учителя в соответствии с требованиями нового времени играют технологии обучения и содержания образования. В нынешнее время необходим отбор технологий обучения, соответствующих новой модели образования - модели образования, ориентированной на результат – реализуемой в практике современных цивилизованных стран. Поэтому активное внедрение инновационных технологий обучения в школьную практику на современном этапе - веление времени. Современные инновационные технологии служат накопителем достижений педагогической науки и практики, достижений социального прогресса, плодов демократии с гуманизацией в обществе. В процессе изучения инновационного подхода происходит переход системы из одной ситуации в другую, организация нового содержания, внедрение новизны.

Ключевые слова: профессиональное развитие, инновационные технологии, обучение и воспитание.

Abstract

Relevance and goal. According to current requirements the main aim of a modern education is to get knowledge, experience, ability, finding out the necessary information and it's reasonable usage. According to

modern requirements learning technologies play a special role in professional development of teachers in the content of education. When analyzing learning technologies, it is necessary to select learning technologies that correspond to the new model of Education implemented in the practice of modern civilized countries as the result-oriented model of Education. Therefore, a requirement of society at the present stage is the active development of innovative teaching technologies in school practice. Modern innovative technologies serve as an accumulator of the achievements of pedagogical science and practice, the value of traditional practice, the achievements of social progress, and the result of social humanization and democracy. In the course of studying the innovation process, is the transition of the system from one situation to another, the organization of new content and the introduction of innovations.

Keywords: professional development, innovative technologies, training and education.

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне – Нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік беретіндіктен оқу үрдісін қайта жаңғырту идеясы педагогикалық технологияның негізгі тірегі болып табылады. Ол идея мынадай мазмұндық бірліктерден құралады:

- оқытудың жалпы мақсаты;
- жалпы мақсаттың нақтыландырылуы;
- оқушылардың білім деңгейін алдын-ала (диагностикалық бағалау);
- оқу әрекетінің жиынтығы;
- нәтижені бағалау.

Атақты педагог-ғалым В.Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым - шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»- деп ұстаздық өнерге ерекше баға берсе, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім- мектептің жүрегі» дегені бекер айтылған сөз емес.

Қазіргі күн талабына сай білім жүйесінің алдына қойған бастапқы мақсаты тұлға ретінде жан-жақты дамыған, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін, өзгелермен тілдесімде бола алатын, ізгілік пен елжандық қасиеттер бойына сіңірілген, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеу болып есептеледі. Осы күнге дейін пайдаланып келген оқыту әдіс –тәсілдері бүгінгі күн талабына толық жауап бере алмайды. Сол үшін білім жүйесіне өзгертулер енгізіліп, бұл мәселенің шешілу жолдары жан-жақты қарастырылып келуде. Ең негізгісі білім сапасын арттыру мақсатында оқыту процессін оңтайландырудың қажет екендігін уақыт көрсетіп тұр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлаудың сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады». - деп атап көрсетілген.

Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру - қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Ло-

ренсов, М.М.Поташник, П.И.Пидкасистый, Л.И.Романова, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі - инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерде мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудың бірден-бір шарты болып табылады. «Инновация» сөзі латын тіліндегі *in* (ішіне) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Ғылыми-педагогикалық Пайдаланған әдебиеттерді сараптау нәтижелері «новация» мен «инновация» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен, Пайдаланған әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Инновация ұғымын энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немербай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдісі деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді [1]. «Технология» ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама жоқ [1].

«Технология» термині алғаш рет 1940-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология - өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикізаттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы. Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған [2, 3]. Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

Білім беруді ізгілендіру технологиясы - оқушыны азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату (Ш.Амонашвили). Ойын арқылы оқыту технологиясы - дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс - әрекеттің педагогикалық механизмі жеке бастық, өзіндік талап - талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді (Л.С.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, З.Фрейд). Проблемалық оқыту технологиясы - оқушының өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы - (В.Ф.Шаталов) мынаны көздейді - білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдету. Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы - (С.Н.Лысенкова) барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы, бағдарламаның кейбір тақырыптарының қиыншылықтарын жеңу, қиын тақырыптады біртіндеп оңайлату әдісін қолдану. Деңгейлеп саралап оқыту - міндетті нәтижелерге негізделген. Білім, білік, дағдыны меңгерту, мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру. Әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау. Бағдарламалап оқыту - (Б.Скиннер, Н.Краудер, В.Г. Беспалько) ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру, баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту. Оқытудың компьютерлік технологиясы - ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты ақпараттық қоғамға даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы - (Л.Джинна Стил, С.Куртик). Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Өз-өздігінен даму технологиясы - (М.Монтессори) баланы жан - жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемімен ойлау әрекетінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда бала өзін - өзі дамытады. Дамыта оқыту технологиясы - (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.Б.Давыдов) баланы оқыта отырып жалпы дамыту, яғни бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар - намыс қасиеттерін дамыту. Модульдік оқыту тетехнологиясы - (В.Б.Монахов) оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдісті түзу, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекеттің жалпы және арнайы ерекшеліктері ресейлік зерттеушілер А.А.Арламов, Н.Ф.Вишнякова, В.И.Загвязинский, М.В.Кларин, Н.В.Кузьмина, С.Д.Поляков,

М.М.Поташник, М.М.Фридман, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Инновацияны жоспарлау мен инновациялық үдерісті басқару мәселелері шетелдік ғалымдар Р.Адам, Е.Роджерс, А.Кинг, Б.Шнайдер, Л.Андерсон, Л.Бриге, Х.Барнет және т.б. ғылыми еңбектерінде зерттеген.

Инновация - кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет - білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация - мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс [1; 25б].

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғалім мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керітартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Білім беру инновацияларын орта мектептерге енгізудің басты кедергісі мұғалімдердің сапалық құрамы мен кәсіби құзыреттілік деңгейлері. Мысалы, оқытудың жаңа технологиялары мектеп мұғалімінен (өз пәнінен кәсіби құзыреттілігінен басқа) педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мұғалімнен дамыта оқыту технологиялары талап ететін педагогикалық білімдер:

- Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарын диагностикалау іскерлігі;
- Оқу пәнін терең, жүйелі және оның ғылыми негіздерін білу;
- Оқу материалын қайта құрылымдау, бір ғана сабақ емес, тұтас тақырыпты индуктивті мазмұндаудан логикалық индуктивті-дедуктивті проблемалық мазмұндай білу;
- Оқушыны өмірге даярлау, бағыт беруде оқу үдерісін моделдеу (оның мақсатын, мазмұнын, оқыту формасын, әдістері мен тәсілдерін);
- Оқушының өзбеттілік жұмысын ұйымдастыра білу;
- Оқытудың белсенді әдістерін еркін меңгеру;
- Оқушы мен мұғалім ынтымақтастығы, қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету [2; 21б].

Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр. 2012 жылы еліміздің біліктілік арттыру жүйесінде бастау алған деңгейлік бағдарламалар негізінде біліктілік арттырудың курстарынан өткен мұғалімдер арқылы бүгінде мектептерімізде тың сапалық өзгерістер әкелуде. Бұл Үшінші деңгей бағдарламасының басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Оқытудың сындарлы теориясы оқушылардың ойлауы олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерден, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла дамиды деген тұжырымға негізделеді [3, 6-7бб]. Курс барысында интерактивті оқыту негізінде мұғалімдер бағдарламаны жеті модуль аясындағы қарастырылған түйінді идеялармен және оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдерді меңгереді, яғни Конфуций айтқандай «өзі жасап меңгеру» нәтижесінде кәсіби құзыреттіліктері арттады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс-әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанады, бірақ жаңа сапада қайталанады. Өзін-өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет [4, 58-64 бб].

Біліктілікті арттырып тәжірибеге араласқаннан кейінгі мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістемесіне көшіп кетпеуі үшін мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық әдістемелік қолдау мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс – тәжірибені тарату

жұмыстарының жүйелі жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде мұғалімге кәсіби қолдау, даму, кәсіби құзыреттіліктің арттыру қолайлы факторлары болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Игошев Б.М. Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: Дисс...д-ра пед. наук - М., 2008.-394 с
2. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия. Социальные проблемы инноватики.- М., 1989.-с. 192
3. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, 2002 г»
4. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., 6-7бб

УДК 372.8

ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ

Иксанова Наталья Тахировна,
магистр педагогики и психологии
учитель «Школа-лицей №1 ОО города Костаная»
УО акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Өзектілігі мен мақсаты. Қазіргі цифрландыру мен компьютерлендіру дәуірінде ақпараттық құзіреттілік деңгейі оқушыларға басқа да негізгі құзыреттерді меңгеруге көмектеседі. Мақалада информатика сабақтарында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және ол үшін электрондық білім беру ресурстарын пайдалану бойынша жұмыс тәжірибесі жинақталған. Жұмыста оқушылар ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыруда ұмтылатын білімді меңгерудің үш деңгейі ұсынылған.

Түйінді сөздер: ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық, информатика, ақпараттық технологиялар, электрондық білім беру ресурстары.

Аннотация

Актуальность и цель. В современный век цифровизации и компьютеризации уровень владения информационной компетентностью помогает ученикам в овладении другими ключевыми компетентностями. В статье обобщается опыт работы по формированию информационной компетентности обучающихся на уроках информатики и использование для этого электронных образовательных ресурсов. В работе предложены три уровня усвоения знаний к которым стремятся учащиеся при формировании информационной компетенции.

Ключевые слова: информационная компетентность, информация, информатика, информационные технологии, электронные образовательные ресурсы.

Abstract

Relevance and goal. In the modern age of digitalization and computerization, the level of information competence helps students in mastering other key competencies. The article summarizes the experience of work on the formation of information competence of students in informatics lessons and the use of electronic educational resources for this. The paper proposes three levels of knowledge acquisition to which students aspire in the formation of information competence.

Keywords: information competence, information, informatics, information technologies, electronic educational resources.

«Не в количестве знаний заключается образование, но в полном понимании и искусном применении всего того, что знаешь.» Адольф Дистервег. В этой фразе немецкого педагога Фридриха Вильгельма Адольфа Дистервега заключен глубокий смысл, и одна из идей компетентностного подхода в обучении. В самом деле, компетентностный подход в обучении представляет собой целостную систему, где все взаимосвязано: содержание, методы, формы работы. Ученик учится применять полученные знания, у него не возникает вопросов «Для чего я это учу?». В ходе выполнения практических заданий он получает наглядный результат.

В образовании компетентностный подход связан с личностно-ориентированным и деятельностным подходами к обучению. В процессе обучения концентрируем внимание на целостной личности ученика и достигаем результата через деятельность поскольку касается личности ученика и познание реализуется в процессе выполнения учеником определенных действий.